

**Жеміс-жидек дақылдары мен жүзімнің көп жылдық екпелерін отырғызуға және өсіруге шығындардың құнын ішінара өтеуге арналған субсидиялардың нормативтері туралы**

*Күшін жойған*

Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2011 жылғы 16 қарашадағы № 198 қаулысы. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2011 жылғы 29 қарашада № 3074 тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2012 жылғы 26 қаңтардағы № 6 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2012.01.26 № 6 Қаулысымен**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңын басшылыққа ала отырып, "Өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруға жергілікті бюджеттерден субсидиялау қағидасын бекіту туралы" 2011 жылғы 4 наурыздағы № 221 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына сәйкес облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жеміс-жидек дақылдары мен жүзімнің көп жылдық екпелерін отырғызуға және өсіруге шығындардың құнын ішінара өтеуге арналған субсидиялардың нормативтері осы қаулының қосымшасына сәйкес белгіленсін.

2. "Батыс Қазақстан облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі жеміс-жидек дақылдары мен жүзімнің көп жылдық екпелерін отырғызуға және өсіруге шығындардың құнын ішінара өтеу бойынша ағымдағы қаржы жылында облыс бюджетінен субсидиялардың төленуін жүзеге асыру жөнінде қажетті шараларды алсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Е. Ғ. С а л ы қ о в қ а жү к т е л с і н .

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Облыс әкімі*

*Б. Измұхамбетов*

*КЕЛІСІЛДІ:*

*Қазақстан Республикасының  
Ауыл шаруашылығы министрі*

*----- А. Мамытбеков*

*15.11.2011 ж.*

**Жеміс-жидек дақылдары мен жүзімнің  
көп жылдық екпелерін отырғызуға және өсіруге  
шығындардың құнын ішінара өтеуге арналған  
субсидиялардың нормативтері**

теңге/га

Көп жылдық екпелердің сипаттамасы		Тамшылатып суарудың ирригациялық құралдарын сатып алу мен монтаждауға кеткен шығынды есептегендегі отырғызу	Субсидия (40% дейін)	(2 жыл өсіп өнуі
Сүйекті бақтар:	тіреуіш бағаналарды орнатпай, орта бойлы және биік өсетін телітушілердің көшеттерімен отырғызылған жағдайда	847 546	339 018	48 385
	тіреуіш бағаналарды орнатып, аласа бойлы телітушілердің көшеттерімен отырғызылған жағдайда	1 017 055	406 822	48 385
Пістелік бақтар:	тіреуіш бағаналарды орнатпай, орта бойлы және биік өсетін телітушілердің көшеттерімен отырғызылған жағдайда	1 126 294	450 518	66 258
	тіреуіш бағаналарды орнатып, аласа бойлы телітушілердің көшеттерімен отырғызылған жағдайда	1 407 867	563 147	66 258
Дәстүрлі бақтар		0	0	66 258
Жүзімдіктер:	тіреуіш бағаналарды орнатып отырғызылған	0	0	0
Дәстүрлі жүзімдіктер		0	0	0

**кестенің жалғасы**

Субсидия (40% дейін)	(3 жыл өсіп өнуі	Субсидия (40% дейін)	(4 жыл өсіп өнуі	Субсидия (40% дейін)
19 354	52 110	20 844	51 531	20 612

19 354	52 110	20 844	51 531	20 612
26 503	72 735	29 094	214 743	85 897
26 503	72 735	29 094	214 743	85 897
26 503	72 735	29 094	214 743	85 897
0		0	0	0
0		0	0	0

Аббревиатураның толық жазылуы:  
га - гектар

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК